


Демократиялық саяси басқаруда билік органдарын қалыптастыру үшін сайлаудың маңызы зор.Әрбір азаматтың мұнда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау мен сайлануға, референдумға қатысуға толық мүмкіндігі бар.

САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

можаритарлы
қ

пропорционалды
қ

Можаритарлық-
пропорционалдық





Елімізде маңызды саяси оқиға – парламенттік сайлауға дайындық қызу жүріп жатыр. Өңірлерде сайлау учаскелері құрылып, сайлау комиссияларының мүшелері үшін арнайы оқу семинарлары қолға алынған. Ал саяси партиялар тартысты бәсекеге қамдану үстінде.



2016 Жылғы сайлауға қатысушы партиялар



1. «Нұр Отан»
2. «Ауыл»
3. «Бірлік»
4. «Ақ жол»
5. «Жалпыұлттық социал-демократтар»
6. «Қазақстан қоммунистік халық партиясы»






29 қаңтар мен 3 ақпан аралығында кезектен тыс Мәжіліс сайлауына қатысуға ниеттеніп отырған алты саяси партияның съезі өтеді. Съез барысында әр партияның сайлауалды бағдарламасы қабылданып, депутаттыққа үміткерлердің партиялық тізімі бекітілмекші. 29 қаңтарда Астанада «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XVII съезі өтті. Шараға еліміздің әр облысынан екі мыңға жуық делегат қатысты




Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның съезі 30 қаңтарға жоспарланған. Айта кетейік, партия өкілдері 2012 жылғы парламенттік сайлауға қатысқан болатын, бірақ олар қажетті дауыс санын жинай алмады. «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының съезі ақпанның бірінде өтеді. Ал 2 ақпанда Қазақстан коммунистік халық партиясы мен «Бірлік» партиясы сайлауалды бағдарламасын таразылайды.«Ақ жол» демократиялық партиясы 3 қаңтар күні сайлауға қатысу бойынша ресми шешім қабылдап, депутаттыққа үміткерлерді анықтайтын болады.






Тұтастай алғанда, Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттарын сайлауға дайындық өңірлерде қызу жүріп жатыр. Мәселен, Қызылорда облысында аумақтық учаскелердегі сайлау комиссиясының құрамында жұмысын бастаған азаматтар арнайы тренингтер мен семинарлар арқылы сөз өнерін игеруге кіріскен.

«506 сайлау учаскесіндегі комиссияларға үш жарым мыңнан астам адам қажет. Әрине, олардың барлығына белгілі талаптар қойылады. Аймақтағы сайлаушылар тобы 405 мың адамды құрайды. Сайлаушылардың көкейінде туындаған сұрақтарға комиссия мүшелері нақты жауап қайтара білу керек. Олар халыққа түсіндірілетін заңдарды жаттап жатыр. Қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау қағидалары бойынша да жұмыс жүргізілуде. Сайлау ең алдымен халықтық мереке болғандықтан, жаттықтырушылар комиссия мүшелерінің сөз өнерін шыңдап, сөйлеу әдебін үйретуде»,- дейді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Абайбек Жүнісов.






Сайлау округтерінің аумағы мен мекенжайы жергілікті газетте және Астана мәслихатының ресми сайтында жарияланды. Олар жұмыс күндері және сенбі күні таңғы 9-дан кешкі 6-ға дейін жұмыс істейді, жексенбі – демалыс күні.

«Әрбір округтік комиссияның құрамы жеті адамнан тұрады: төраға, орынбасар, хатшы және сайлау комиссиясының тағы 4 мүшесі. Сайлау комиссиясының барлық мүшесі қоғамдық ұйымдар мен партиялардан сайланады», - деп толықтырды И. Жалбыров.

Естеріңізге салып өтсек, 13 қаңтар күні депутаттар Елбасына үндеу жолдап, Мәжіліс сайлауын мерзімінен бұрын өткізуді сұраған болатын. Мәжіліс депутаттарының бұл бастамасы Қазақстан азаматтары тарапынан кеңінен қолдау тапты. 20 қаңтар күні Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бесінші шақырылған ҚР Парламентінің Мәжілісін тарату және төменгі палата депутаттарының кезектен тыс және мәслихат депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы шешім қабылдады.

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының сайлауы 2016 жылғы 20 наурызға белгіленсе, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы 21 наурызда өткізіледі.

Сайлау науқаны аясында барлығы 107 Мәжіліс депутаты сайланбақ. Оның 98-і партиялық тізім бойынша болса, 9-ы Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан сайланады. Жергілікті билік органдарына 3335 барлық деңгейдегі мәслихат депутаты сайланбақ, оның 550-і облыстық, 625-і қалалық және 2160-ы аудандық мәслихаттарға сайланады.



**«Нұр Отан» партиясы атынан ҚР
Парламенті Мәжілісінің
депутаттығына үміткерлердің тізіміне
127 адам еніп отыр. Олардың
арасында республикаға белгілі
саясаткерлер, қоғам қайраткерлері,
спортшылар мен өнер иелері бар.**

